

**Ф4.03-05**

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ**

**Басқарма мүшелері, құрылым басшылары  
факультет және жоғары мектеп  
декандарымен кездесу  
ХАТТАМАСЫ**

«20» мамыр 2024 ж.

Сағат 11:00

250 Б – мәжіліс залы

**Катысқандар:** 22 (қосымшада көрсетілген тізімге сәйкес).

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын және ішкі актілердегі рұқсаттар, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру.
  2. 2023-2024 оку жылының мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, тәуекелдердің алдын алу.
  3. М.Әуезов атындағы ОҚУ жұмыскерлері мен білім алушылары корпоративтік этика нормаларын сақтауы мен әлеуметтік желі мониторингі нәтижелерін талқылау.
  4. Академиялық адалдық лигасының сауалнамасына қатысу бойынша көрсеткіштер және оны белсендері.
- 1. Сөз алды:** Басқарма төрағасы – ректор м.у.а. Қ.Е.Нұрманбетов күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша басқарма мүшелері, құрылым басшылары мен факультет, жоғары мектеп декандарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын қатаң басшылыққа алуды, ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдердің барлығын тиісті заң талаптарына сәйкес қабылдауды тапсырды.



Басқарма тарапынан университет қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылданып, олар үздіксіз жетілдіріліп жатқанын, заң бұзушылық үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын ескертті.

**Сөз алды:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатова. Университеттің ішкі ережелері, атап айтқанда Академиялық адалдық қағидасы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты мен Әден кодексі нормаларында функционалдық міндеттерді атқару кезіндегі әден стандарттары, іс-әрекет үлгісі мен тыйымдар, рұқсаттар, шектеулер құрылымдар басшылары арқылы әрбір қызметкер (жұмыскер), білім алушы назарына жеткізілуі қажет екенін түсіндірді.



2. Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2023-2024 оку жылының мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысына назар аударды. Барлық аттестаттау комиссиясы сапа менеджмент талаптарына сай жұмыс жасаудың қамтамасыз етуді факультет, жоғары мектеп декандарына жүктеді.

Комиссия жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету үшін әрбір факультет, жоғары мектеп декандарына өзіне бағынысты кафедра менгерушілері, профессор-оқытушылар құрамымен шұғыл мәжіліс өткізіп, тыйымдар мен шектеулерді талқылауды, олардың назарына жеткізуі міндеттеді.

Тәуекелдердің алдын алу мақсатында заңсыз сыйақы, сыйлықтың кез-келген түрі, жеңілдіктер мен қызмет түрлерін тұтыну сияқты Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын туындалатын іс-әрекеттерді ұжыммен мұқият талқылап, жауапкершіліктен сақтандыруды тапсырды.

**Сөз алды:** Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.у.а. К.Сарыкулов.

Академиялық процестегі емтихандар, мемлекеттік және кешенді емтихандар, практика есептерін қабылдау, т.б. бағалаумен байланысты процестерді бақылау үшін кафедра менгерушілері, жоғары мектеп, факультет декандары тікелей жауапты екенін мәлімдеді. Аталған шаралардың талапқа сәйкес өтуіне Студенттік мәселелер жөніндегі департамент, Цифрландыру департаменті және өзге де құрылымдар ықпал етуі қажет деп көрсетті.

**Сөз алды:** СЖҚҚҚ жетекшісі Г.Дулатова.

3. Күн тәртіндегі үшінші мәселе бойынша Комплаенс-қызмет жұмысының маңызды бағытының бірі мониторинг екенін, бұл түрғыдан ішкі бизнес процестерге ғана емес, әлеуметтік желіге мониторинг жүргізудің маңыздылығын жеткізді.

Мониторинг - репутациялық, қаржылық, құқықтық, операциялық және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тиімді басқару мен алдын алудың құралы екенін түсіндіріп, осы сәтке дейінгі мониторинг нәтижелері Әдеп бойынша кеңес мәжілісіне шығарылып, тәртіптік жазалар қолданылған кейстерге назар аударып, жаңадан анықталған әдеп стандарттарын бұзу фактілерінің фото-бейне нұсқасын көрсетті.



**Сөз алды:** Басқарма төрағасы-ректор Қ.Нұрманбетов әлеуметтік желі мониторингі нәтижесінде анықталған университет беделіне нұксан келтіретін іс-әрекет жасаған қызметкер мен білім алушыны шүғыл анықтауды, мәнжайды зерделеуді және тиісті ұсыныстар жасауды комплаенс-қызмет жетекшісіне жүктеді.

4. Күн тәртіндегі төртінші мәселе бойынша Қ.Е.Нұрманбетов Академиялық адалдық лигасының мүшесі болу және жоғары стандарттарға үмтүлу, адалдық қағидаларын ілгерілету – университет үшін маңызды екенін баяндап, ұжымды ортақ іске белсенді қатысуға, үлес қосуға шақырды.

Бұл орайда, Лига тарапынан ұйымдастырылатын сауалнама – жалпы оқу орны үшін ешқандай ықпал ете алмайтын, тәуелсіз талдау нәтижесі ретінде қабылданатынын және оған университет екінші рет қатысып отырғанын мәлімдеді. Әрі қарай 2024 жылғы Лига сауалнамасына қатысу бойынша факультеттер, жоғары мектептер мен ПОҚ көрсеткіштерін таныстыру үшін комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатоваға сөз ұсынды.

**Сөз алды:** Г.Дулатова Академиялық адалдық лигасының жобалық кеңесі ұсынған сауалнамаға қатысадын қазіргі сәттегі көрсеткіштерін (статистика) білім беру бағдарламалары, факультеттер мен жоғары мектептер, ПОҚ, докторанттар бойынша жеке-жеке таныстырып, дэшбордты экраннан көрсетті.

Басқарма төрағасы-ректор м.у.а. Қ.Нұрманбетов саулнамаға қатысу – ерікті шешім болғанымен, саулнаманың нәтижесі қызмет сапасын жақсартуда үлкен талдаулар жасауға негіз болатындықтан, әрбір қызметкер, білім алушы оның маңыздылығын түсіне отырып, саналы түрде қатысусы және азаматтық көзқарасын басшылыққа алып, шынайы пікір білдіруі маңызды екенін түсіндіріді. Қосымша құрылым басшылары мен факультет, жоғары мектеп декандарына Лига саулнамасына қатысты университет ұстанымын қызметкерлер мен білім алушылар назарына дұрыс жеткізуді, дәріптеуді және түсіндіру жұмысын белсендіруді тапсырды.


### **ШЕШІМ:**

1. Басқарма мүшелері, құрылымдар басшылары, факультет және жоғары мектептер декандары тарарапынан ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау барысында сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары және ішкі актілердегі рұқсаттар, тыйымдар мен шектеулер басшылыққа алынын.
2. 2023-2024 оқу жылының мемлекеттік аттестаттау комиссиясы жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару және алдын алу факультеттер, жоғары мектептер декандарына жүктелсін.
3. Корпоративтік этика нормаларын насиҳаттау, анықталған бұзушылықтар бойынша мән-жайды зерделеп, тиісті ұсыныс жасау СЖҚҚК жетекшісіне жүктелсін.
4. Академиялық адалдық лигасының саулнамасының маңыздылығын түсіндіру және қатысуды белсендіру құрылым басшылары мен факультет, жоғары мектеп декандарына жүктелсін.

Басқарма төрағасы – ректор м.у.а

 Қ.Е.Нұрманбетов

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің жетекшісі

 Г.С.Дулатова